



## Адал қызметіміз-халыққа деген құрметіміз

### Құттықтау!

### Мемлекеттік қызмет- мәртебелі міндет!

#### Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді «23 маусым-мемлекеттік қызметшілер күні» мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызмет-халықтың сенімін ақтау, ұлтымыздың абыройын асырып, асқақтату. Әрбір өркениеттің өріне қадам бастаған мемлекеттің ең басты тірегі, оның идеясы мен саясатын алға апарушы мемлекеттік қызметкер екені белгілі. Сондықтан да ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақтататын мемлекеттік қызметкер болу – мәртебелі міндет. Еліміздің әлеуметтік және экономикалық тұрғыдан алға басуы да көп жағдайда өздеріңіздің жанкешті қызметтеріңіздің жемісіне байланысты.

Сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында ғана еліміз табысы мол, гүлденген мемлекетке айнала алады.

Баршаңызды тағы да кәсіби мерекелеріңіз бен құттықтай отырып, Жаңа Қазақстанды дамыту жолында аянбай еңбек етулеріңізге тілектеспіз. Аудан экономикасының өсіп-өркендеуі жолындағы қызметтеріңіз жемісті болсын. Алдағы күндеріміздің бәрі жарық, жақсылық болғай!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

**Ізгі тілекпен:**  
**М.ТҰРЫСБЕКОВ,**  
аудан әкімі,  
**О.ЖӘМИЕВ,**  
аудандық маслихат төрағасы.

Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысының әкімі Ермек Көшербаевты қабылдады.

Президент Қ.Тоқаев кездесу барысында өңірдің жаңа басшысына маңызды міндеттер жүктеді. Атап айтқанда, азаматтардың тұрмыс сапасы мен әл-ауқатын одан әрі арттыру, аймақ экономикасын дамыту мәселелеріне назар аударды. Сондай-ақ өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, шағын және орта кәсіпкерлік салаларындағы тұрақты өсімді қамтамасыз етуді тапсырды.

Сондай-ақ Президент Қатон-Қарағай, Марқакөл аудандарын



## Президент Шығыс Қазақстан облысының жаңа әкімін қабылдады

қайта құру жөнінде шешім қабылданғанына тоқталып, шекаралас аумақтағы елді мекендерді жүйелі түрде дамыту қажет екенін ескерді.

Мемлекет басшысы облыс әкіміне коммуналдық инфрақұрылым нысандарын жаңғырту, жылу электр стансаларының үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету және

жылыту маусымына дайындық жұмыстарын пысықтау жөнінде тапсырма берді.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Түркістан облыстық ардагерлер кеңесінің «Ұрпақ тәрбиесіндегі-бетбұрыс» атты көшпелі семинарға қатысушы аға буын өкілдерінің Үндеуі



Отанымыз Қазақстанда тарихи мән-маңызы терең оқиғалар мен өзгерістер болып жатқан кезеңде ұрпақтар сабақтастығы жөнінде баршаңызға Үндеу арнап отырмыз.

Аға буын өкілдерінің ұрпақтар сабақтастығы бойынша Үндеуінің мақсаты – жастардың ұлттық мәдениетін, ана тілін, салт-дәстүрлерді және адами құндылықтарды

сақтауына, оны жаңғыртуға, ұлттық және мәдени бірегейлікті дамытуға жәрдемдесу.

Еліміздегі саяси өзгерістер мен реформалар, жаңалықтар бәрімізге жоғары жауапкершілік жүктейді. Бірлік пен ынтымақты, тұрақтылықты сақтай отырып, жұмыла істегенде ғана алға қойған мерейлі мақсаттарға қол жеткіземіз.

Әсіресе, қазіргі жаһан-

дану саясаты дендеп тұрған шақта ұрпақ тәрбиесіне ұлт келешегіне аса көңіл бөлу - әр азаматтың міндеті. Ұрпақтар сабақтастығын жарасымды жалғастыруда, ата-баба аманаттарына адалдықтан айнымай алға апаруда аға буын ұрпақ өкілдерінің орны ерекше. Олар отбасылық құндылықтарды сақтауға, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арт-

тыруға, жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықты болдырмауға ықпал етеді. Аға буынның жинақтаған тәжірибесін, білігін, парыз бен намыс ұғымын сақтап, жеткізу-келешек ұрпақтың алдағы жетістіктерін одан әрі дамыта түсетін негізгі бастау.

Ел ағалары мен ардагерлердің басын қосқан бүгінгі алқалы жиында қоғамда жастар тәрбиесіне, ұлттың келешегіне аса көңіл бөлініп, ұлттық ұлағатты қасиеттер мен құндылықтарды жаңғыртып, кері тартатын көлеңкелі ойлардан, арылуға қоғамды шақырамыз!

Ұрпақ отанышыл етіп қалыптастыруға, рухани жағынан жаңғырып-жаңарған өнегелі жастар тәрбиелеуге, сана мен білім сапасын биіктете түсуге, жалпы ұрпақтар тәрбиесіне аянбай үлес қосайық!

**Үндеу 2023 жылғы 24 мамырда Созақ ауданында өткен облыстық семинарда қабылданды.**

## Созақ ауданы Тасты ауылдық округіне сайланған әкім туралы қорытынды ХАБАРЛАМА

1.Тасты ауылдық округі әкімін сайлаудың қорытындысы:

2023 жылдың 18 маусымда өткен Тасты ауылдық округі әкімі сайлауына 962 сайлаушының 659 сайлаушы қатысып өз таңдауын жасады.Тасты ауылдық округі әкімдігіне «AMANAT» партиясынан ұсынылып тіркелген кандидат Тлеулинов Манас Бейсенбаевич 535 дауыс, өзін – өзі ұсынған Асылбеков Самат Бәйділдәұлы 114 дауыс, бәріне қарсы 10 дауыс берілді. Басым дауыспен «AMANAT» партиясынан ұсынылған Тлеулинов Манас Бейсенбаевич Тасты ауылдық округі әкімі болып сайланды.

**Созақ аудандық аумақтық  
сайлау комиссиясы.**

## НАШАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ АКЦИЯ ӨТТІ

Аудан орталығында жастар арасында нашақорлық пен есірткі бизнесіне қарсы иммунитетін қалыптастыру мақсатында арнайы акция өтті.

Жібек жолы көшесінің бойындағы «Нұр-Асыл» мейрамханасынан бастау алған ауқымды шараға аудан жастары, медицина мамандары мен спортшылар және барлық сала өкілдері «Нашақорлық пен синтетикалық есірткіге жол жоқ» ұранымен шеру өткізіп, аудан әкімдігі ғимаратының алдына келіп тоқтады.

Онда аудан әкімінің орынбасары Қалдыбек Оразов арнайы сөз алып, жас ұрпақты салауатты өмірге үндеген шараның



маңыздылығына тоқталып өтті.

«Нашақорлық - қазіргі қоғамның қасіреті және ең өзекті проблемаларының бірі. Бұл болашағымызға балта шабатын қауіпті індет. Қазіргі таңда бұндай індет пен қоғам болып күресіп, жастар мен балалар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында бұндай шараның маңыздылығы ерекше. Бүгінде мемлекетіміз ұстанған саясаттың басым бөлігі жастарды жан-жақты қолдап, еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпаққа аса сенім артуда. Сондықтан да біз бұл дерттің өршуіне жол бермеуіміз керек», - деді.

Сонымен қатар, Созақ аудандық полиция бөлімі басшысы орынбасары, полиция подполковнигі Мирахмет Сейдахметұлы бұл бағыттағы жұмыстар күнделікті күн тәртібінде екендігін айтып, есірткіге қарсы іс-қимыл шараларын жастар арасында одан әрі дамытуға шақырды.

Созақ аудандық балалар мен жасөспірімдер арасындағы спорт мектебінің жаттықтырушысы Ермек Өтебаев жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, ескін ұрпақты спортқа баулу арқылы есірткісіз қоғам құру - Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндет екенін атап өтті.

Шара барысында ҚР Мемлекеттік Әнұраны асқақтата шырқалып, аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінің өнерпаздары әсем әннен шашу шашты.

**Аудан әкімінің баспасөз қызметі.**

## Мазмұнды да мәнді сабақтар өткізілді

Өткен аптаның сейсенбі және жұма күндері аралығында Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің тапсырысымен «Қоғамдық келісім жалпы ұлттық бірлікті, елдің ынтымағы мен бірлігін ны-

мұнды да мәнді сабақтар өткізді.

Тақырып аясында сұрақ-жауап түрінде кездесу болды. Аудандық «Созақ үні» газетінің Бас редакторы С.Теңізбаев тақырып бой-



файту», «Ел бірлігі- жаңарған Қазақстанның тірегі» тақырыбында ҚР мәдениет қайраткері М.Асқаров Тасты, Шу, Жуантөбе, Қыземшек, Созақ, Қаратау, Қарағұр, Сызған, Таукент ауыл-поселке әкімшіліктерінде маз-

ынша ой қосты. Сондай-ақ, аудандық басылымға жазылу жайында оқырмандармен сұхбат өткізді.

Дүйсенбі күні аудан орталығында сабақ жалғасын тапты.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Өздеріңіз де білесіздер, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен былтырдан бері облыс, қала, аудан және ауыл әкімдері әр үш ай сайын халықпен кездесіп, есеп беріп келеді. Міне, осы ретпен біздің аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтың да кезекті есебі осы маусым айына деп келіп, ауыл- ауылдарды аралап, ел алдында есеп берді. Ауданымыздың орталығы болған соң қорытынды есеп үнемі Шолаққорған халқымен кездесуде болатын. Бұл жолы да солай болды. Маусым айының 16, Жұма күні Шолаққорған ауыл әкімдігінің алдына ша-



## Әкім халықпен кездесіп, кезекті есебін берді

ғаладай шатыр тігіліп, ауыл халқы жиналды. Жиынды аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлының өзі сөйлеп ашты. Сәлем сөздің атасы дегенді санасына сіңіріп өскен Сексенбайұлы әдеттегідей әуелі ауыл тұрғындарымен амандасып алды дағы, кейін, бірден баяндамасына көшті. Аудан басшысының бұл жолы ауыл халқына айтары, қуантар хабары көп болды. Солардан бірі, аудан әкімінің қызметіне жаңадан келген кезінен айтып, сүйіншілеп жүрген спорт кешенінің жайы еді.

Сондай- ақ, Шолаққорғанда гана емес, Созақ ауданында ең алғаш салынған білім ошағы Ыбырай Алтынсарин атындағы жайлы мектептің де жайы сөз болды. Құны 5 млрд құрайтын құрылыс жобасын «Самұрық-Қазына» АҚ қаржыландыратын болыпты. Егер аудан басшысының сөзіне сенсек, бұйыртыса балаларымызға өңірімізде бұрын-соңды бо-

тары жүретін болды. Бұл жобалардың әр қайсысының құны 1 млн 800 мың теңгені құрайтын көрінеді. Сонымен қатар, Созақтағы стадионның құрылысы да биыл аяқталатынға ұқсайды. Аталмыш жобаға да 1,5 млрд қаржы қаралған екен. Тағы да өткенде ғана Созақ ауылының тұрғындарының игілігіне кереметтей мешіт салып берген созақтық жеке кәсіпкер Мұрат Жұмабеков деген жігітпен осында балалар игілігіне білім ошағын салып беру жайы сөз болып жатқанын да айта кетті. Шолаққорған халқының тағы тағаты таусыла күтіп отырғаны көгілдір отынның ауылымызға келуі еді. Бұл мәселеге тоқтала кеткен аудан басшысы: «2018 жылдан бастау алған бұл жоба бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Биыл ішкі желілер толықтай жүргізіліп бітеді. Дегенмен, сол көгілдір отынды ауданымыздағы ауылдар мен көшелерге тарқатып бе-

дастық мүшелерімен (әр көшеден бөлсенді азаматтардан тұратын) кездестірсек. Сол жерде кәсіпкерлер өздерінің құжаттарымен таныстырып, мүмкіндіктерін жарнамаласа. Бәлкім осындай ашық бәсекелестік, ауыл тұрғындарының арандап қалуының алдын алып, дұрыс таңдау жасауларына мүмкіндік берер ма еді?» дедім. Аудан басшысы жауап ретінде, ішкі желілердің әлі бітпегенін және құрылыс жұмыстарының қай уақытта бітетіндігі мен көгілдір отынның қашан келері белгісіз. Сол себепті бұл мәселеде асықпаған жөн деді. Ауыл әкімі мен ЖКХ басшысына бұл мәселеге байланысты әлеуметтік желілерге үндеу жариялауды тапсырды. Тағы да Балдысу- Қарабұлақ пен Жеткеншек елді мекендерінің бірқатар көшелеріне жол мен жарықтарына 63 млннан қаржы қаралып, конкурс жарияланғанын да мәлімдеді. Бұдан бөлек, би-



лып көрмеген жайлы білім ошағында білім алу бақыты бұйырғалы тұр. Мұнан бөлек, Ыбырай ауылында да 200 орындық мектептің құрылысы басталған көрінеді. Тағы да шырайлы Шолаққорғанымыздың аумағына кіретін бірнеше елдімекендер мен көшелерге жол және жарықтандыру жұмыстары жүргізілетін болды. Атап айтар болсақ, Наурыз және Ақшам ықшам аудандарында ауыз судың құрылысы басталып кетті. Балдысу мен Қарабұлақтың, Сарыжаз бен Басбұлақтың да бірқатар көшелеріне жол және жарықтандыру жұмыс-

ретін станцияны орнату жұмыстары, қаралған қаржының жетіспеушілігінен кешеуілдеп жатыр. Әрине, солай екен деп қол қусырып отырғанымыз жоқ, облыс әкімдігіне ұсыныспен шығып жатырмыз» деді. Осы ретте, мен аудан әкіміне «Ел Мүддесі» ҚБ-нің төрағасы ретінде аулымызға түрлі газ компанияларының келіп, тұрғындармен тікелей келіссөздер жүргізіп жатқанын, халық арасында осыған алғандаушылық барын алға тарттым. Сол үшін әлгі газ құрылысы компанияларының барлығының басшыларын бір араға жиып, қоғам-

ыл Нұрлыжол, Қаламбаев, Жамбыл және Төлөндиев көшелерінде жол жөндеу жұмыстары жүретінін атап өтті. Сондай- ақ, Әбуов, Сыпатаев сынды бірқатар көшелерде спорт алаңшалары құрылысы жүреді деді.

Жиынның соңы сұрақ-жауапқа ұласып, тұрғындар өздерінің сауалдарын беріп жауаптарын алып жатты. Әрине, халық тарапынан кемшіліктер мен ұсыныстар да айтылды. Аудан әкімі кемшіліктер түзетіліп, ұсыныстар ескерілетіндігіне уәде берді.

**Данияр  
ҚҰЛ-АХМЕДУЛЫ.**

**Халық үніне құлақ асатын мемлекет****Жеке және заңды тұлғаларды қабылдайды**

Мемлекет басшысы бірнеше рет «естуші мемлекет» концепциясына ауысу қажеттілігінен, аумақтарда прокурорлардың азаматтарға қол жетімді болуын қамтамасыз ету бағытында халықпен тығыз байланыс орнатуды атап көрсеткен.

Осы бағыттағы жұмыстар Басқармамен жүзеге асырылуда, қабылдауға келген азаматтардың басым бөлігі соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама сұраса, енді бірі өздерінің туыстарына қатысты архивтің шегінде архивтік анықтамаларды немесе архивтік құжаттардың көшірмелерін беру мәселесін қозғайды, кейбірі жұмысқа орналасу бойынша өтініштерін білдіреді.

Қабылдау барысында басшы құрам әр азаматтың жеке мәселесін бетпе-бет тыңдап, бірқатарына заң шеңбері аясында жауап берсе, кей мәселелер қабылдау барысында-ақ өз шешімін тапты.

Сонымен қатар, басшы құрам кейбір өзекті мәселелерді өзінің жеке бақылауына алып, оның орындалу барысын қадағалап және тиісті жұмыс жүргізуді осы салалардағы тиісті бөлім басшыларына тапсырады.

Аталған форматтағы жұмыстар, Мемлекет басшысының және Бас Прокурордың халыққа мемлекеттік қызмет көрсетуді және азаматтардың мәселелерін шешуде көрсетілетін көмек сапасын жетілдіру жөніндегі тапсырмаларына сәйкес келетінін және өзінің тиімділігін көрсетуде.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Түркістан облысы бойынша Басқармасының басшылық құрамы жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау бойынша сұрақтары немесе ескертулері бойынша қабылдау жұмыстары күнделікті (дүйсенбі-жұма) сағат 9:00-18:30 дейін жүргізетіндігін хабарлаймыз.

**Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Түркістан облысы бойынша Басқармасы.**

**Конкурсқа қатысудың жаңаша тәртібі**

2022 жылдың 26 желтоқсанынан бастап құқық қорғау қызметіне, яғни, Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің аумақтық органдарындағы бос және уақытша бос лауазымға орналасудың жаңашылығы енгізілді.

Бұл ереже құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына алғаш қызметке орналасатын адамдарға қатысты болып табылады.

Конкурсқа қатысу тәртібі мен оны өту шарттары бес құқықтық-қаржылық органдардың бірлескен бұйрығымен бекітілген. Олар Бас прокуратура, ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі, ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі және ҚР Ішкі істер министрлігі болып табылады.

Бұйрыққа сай іріктеу критерийлері біріздендірілді: атап айтатын болсақ, Бірінші мемлекеттік қызмет істері агенттігінде заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуден өту керек, осыдан кейін 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; -ҚР азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; -білім туралы құжаттың көшірмелері; 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өз қолымен жазылып толтырылған егжей-тегжейлі өмірбаяны; 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сауалнама; -әскери билет немесе тіркеу куәлігі болса кез келген адамдар конкурсқа қатыса алады.

Орғандағы іріктеу кезеңдері төмендегі дәйектерді қамтиды. Бірінші кезең. Конкурс өткізу туралы хабарландыруды Комитеттің интернет-ресурстарында жариялау.

Екінші кезең. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалардан құжаттарды қабылдау.

Үшінші кезең. Конкурсқа қатысушылардың құжаттарының белгіленген біліктілік талаптарына және заңда белгіленген талаптарға сәйкестігін қарау.

Төртінші кезең. Конкурстық комиссия өткізетін конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу.

Бесінші кезең. Конкурсқа қатысушыларды медициналық және психофизиологиялық куәландыру.

Алтыншы кезең: Конкурсқа қатысушыларды полиграфологиялық куәландыру.

Жетінші кезең. Органның конкурстық комиссиясының қорытындысы.

Іріктеудің 7-кезеңінен мүдірмей өткен үміткер Комитетінің аумақтық органдарындағы бос және уақытша бос лауазымға орналасуға мүмкіндігі туындайды.

**Р.ЕСЖАНОВ,**

**Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Комитетінің Түркістан облысы бойынша Басқармасының аға прокуроры.**

**Жызақтан Созаққа инвестор келді**

Егер оқырмандарымыздың есінде болса, бұрнағы жылдары «Созақ балық өнімдері» өндірістік кооперативінің ауданымыздың орталығы Шолаққорғандағы сонау кеңес заманынан келе жатқан ет дайындайтын комбинатты сатып алғанын жазған болатынбыз. Сондай-ақ, мақала барысында сол «Созақ балық өнімдері» ӨК-нің ауданымыздың аумағындағы бірнеше көл-тоғандарға балық түрлерін салғанын да сөз еткен едік. Сөйткен «Созақ балық өнімдері» өткен аптада тағы бір айтулы жаңалығымен Созақ жұртшылығын сүйіншілегендей. Әрине, әзірге бұл жайында жергілікті биліктің осы салаға қатысты өкілдері ғана хабардар екені рас. Дегенмен, мына назарларыңызға ұсынып отырған менің мақаламды сол Созақ жұртшылығына сүйінші деп біліңіздер! Нақтырақ айтсам, бейсенбі күні Шолаққорғанның шығысындағы индустриалды аймақта орналасқан «Созақ ет» комбинатына тиесілі ғимаратқа бардық. Аудан әкімдігі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Қайырбек Мейірманов пен қызметкерлерімен бірге индустриалды аймаққа келгенімізде алдымыздан «Созақ балық өнімдері» ӨК-нің құрылтайшысы Қазақбаев Нұрахмет Қожахметұлы мен СПК «Төскейсаз» ЖШС-нің директоры Таукенттік кәсіпкер жігіт Руслан Абишев қарсы алды. Жандарында Жызақ облысынан деп өздері таныстырған екі инвестор, меймандары болды. Амандасып, танысып алған соң бәріміз бірден ет комбинатына беттедік. Байқағанымыз, ет комбинаты өлі күнге күрделі жөндеуден өтіп жатыр екен. Тағы да бұл кездесуді екі мақсаты бар екенін әр үш тараптың өзара (жергілікті билік, ӨК пен инвесторлардың) әңгімелерінен аңғардым. Бірінші мақсаты, күрделі жөндеуден өтіп жатқан ет комбинатының жай-күйімен танысып, болашақта атқарылатын жұмыстары жайлы алдын-ала ақылдасып алу екен. Олай дейтінім, өздерін Өзбекстан Республикасы Жызақ облысы бойынша балық шаруашылығы басқармасының басшысы Нарзиев Аброр Ахмедұлы және «Айдар көл» арнасы түзілімінің директоры сөз арасында: «Біз әлі келіс-

сөздер жүргізіп жатырмыз, сол себепті де аудандарыңызға ет комбинаты мен көл-тоғандардың жай-жапсарын көзбен көріп кетуге келдік» деп қалды. Негізінде, бұл кездесуге аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы мен орынбасары Ақәділ Сатылбалды келіп қосылулары керек еді, алайда, бірі ауыл-аударға барып есеп беріп жүргендігі жөнінен, екіншісі де шұғыл ісі шыққаны себепті қосыла алмады. Осы жайында мәлімдеген Қайырбек Мейірманов аудан әкімдігінің әр екі тарапқа да сәлемін жеткізіп, бұл жобаны жергілікті билік басшылары толықтай назарда ұстап бақылап отыр. Тіпті, аудан әкімінің тікелей, түрлі бағытта қолдайтындығын да жеткізді. Сонымен, әзірше күрделі жөндеуден өтіп жатқан, бұйыртса, Тамыз айында ашылып, ет және балық өнімдерін өңдеп, консервілеп өліміздің ішкі нарығына шығарғалы отырған «Созақ Ет» комбинатының ішін аралап шықтық. Ет комбинаты біршама қалыпқа келіп, толықтай іске қосылуға әзірленуде екен. Мұнан әрі кездесудің екінші мақсаты ауданымыздағы көл-тоғандармен инвесторларды таныстыру екен. Әр үш тарап өзара келісіп, уақытты жоғалтпай, Созаққа «Аққолқа» тоғаны мен Таукенттегі көлшікті көріп шығуға сөз байласты. Онан соң Қызылкөл мен Бабата және Үштөбе су қоймаларына соғып, «Созақ балық өнімдері» ӨК-нің өкілдері мен инвесторлар елдріне қайтатын болды. Соған дейінгі сапарымызда «Созақ балық өнімдері» ӨК-нің құрылтайшысы Нұрахмет Қожахметұлы мен Созаққа Жызақтан келген инвесторлардың көлігіне сұхбаттасу ниетімен отырдым. Қазақта: «Жол қысқартайық!» деген үрдіс бар ғой, сол ретпен мен де жолсеріктерімді әңгімеге тарттым. Әуелі, «Созақ балық өнімдері» ӨК-нің құрылтайшысы Нұрахмет Қожахметұлымен сұхбат құрып, мына мәліметтерге қанықтым. Нұракеңнің айтуынша, СПК «Созақ балық өнімдері» ауыл шаруашылығы ӨК-нің құрамына «QazGoldFish» ЖШС-і; «Төскейсаз» ЖШС-і; «Жұлдыз» ШҚ-ы; «Қазақбай» ЖК-і; «Нұрпейіс» ЖК-і; «Созақ Ет» комбинаты кіреді екен. Мұнан

бөлек, 2018 жылы «Қарағұр», «Таушаға», «Ақсүмбе» су қоймаларын, 2020 жылы «Қызылкөл» көлі, «Аққолқа», «Үштөбе» және «Бабата» тоғандарын иеленіпті. Солардан Қызылкөлге 2022 жылы «Бекіре» тұқымдас балық түрін жіберген болатын. Биыл, бұйыртса осы бекіре балығының 1000 данасын саламыз деп жоспарлап отыр екен. Ұққаным, бұл көлде тек уылдырық (көбею емес) бағытында жұмыс жасамақ. Ал енді, жоғарыда аталған басқа су қоймаларына «Сазан», БелыйАмур және «Толстолоб» балық түрлерін салған көрінеді. Алдағы уақытта өздеріне

қарасты барлық су қоймаларына балық салу ойлары барын да тілге тиек етті. Әсіресе, тауарлы балық өндіруге аса басымдық беретіндерін айтты. Яғни, «Созақ Ет» комбинатында балықтарды қайта өңдеп, консервілеймі, вакуумдаймыз, филе жасаймыз және қақтаймыз дейді. Ал енді, мына жанымызда келе жатқан инвесторлармен бұйыртса екі бағытта: Ет пен балық өнімдерін өндіру бағытында жұмыс жасайтын боламыз. Жұмыс әр қайсысы 2 млрдтан тұратын екі кезеңнен тұрады. Бұл кісілердің міндеті: Арнайы технологияларын және шабақ балықтарын алып келу. Ал, біздің міндетімізбалықтың тағамдары: Гидропоника мен гранула жасайтын жай дайындау. Айналып келгенде, егер инвесторлармен екіжақты келісім түзе алсақ, аудан азаматтарынан 100 кісіні жұмыспен қамтимыз деді сөз соңында. Сонымен, сапарымыз барысында Созған мен Таукенттегі тоғандарды аралап қайттық. Ал, меймандар әрі қарай Қызылкөлге, Бабата мен Үштөбе су қоймаларын көруге кетті.

Иә, ағайын! Өздеріңіз байқағандай, егер бұл жоба жүзеге асып берсе, аудан жұртшылығы екі бірдей пайдасын көргелі отырмыз. Біріншіден, адам ағзасына өте қажетті, бірақ, өзен-көлі, теңізі жоқ біздің өңір халқы балық өнімдерін тұтыну мүмкіндіктері туындайын деп отыр. Екіншіден, негізгі күн көріс көзі мал шаруашылығы болып табылатын біздің аудан халқына иелігіндегі төрт мүлік малының етін Түркістанның немесе Қарабұлақтың мал базарына барудың керегі болмай қалады. Себебі, «Созақ Ет» комбинаты жерлестеріміздің төрт түлік малының етін сатып алып, балық өнімдерімен бірге консервілеуді, вакуумдауды жоспарлап отыр. Әрине, бұл жоба әзірге сөз жүзінде қалып отыр. Алайда, жергілікті биліктің де СПК «Созақ балық өнімдері» ӨК-нің өкілдері мен Жызақтық инвесторлардың да бұл жобаны жүзеге асыруға мүдделі екенін байқадым. Ендеше, ел игілігі үшін маңызды осы жобаның жүзеге асуын асыға күтетін боламыз!

**Данияр БЕК.**

Аудандық ішкі істер бөлімінің пробация бөлімшесінің қызметкері Қадірбекова Ақерке Маратқызын төл мерекесі қарсаңында әңгімелескен едік.

-Шырақбек Қалаубаев атындағы Қостанай академиясын бітірдім. Мектеп қабырғасында жүргенде полиция формасындағы ағаларға қызыға қарайтынмын. Жоғарғы сыныптарды оқып жүрген кезде полиция қызметкері боламын деген ой жиі мазалайтын. Мектеп бітірерден бір жыл алдын нақты шешім жасадым. Сол аталған оқу орнына баруды жоспарладым.



Мекеменің атынан медициналық көмек көрсетуге жағдай жасаймыз. Тегін түрде жолдаймыз. Мемлекеттен квота бөлінген. Жұмыс беретін мекемелерде сотталған азаматтар еңбек етеді. Жұмыспен қамтамасыз етуге ықпал жасаймыз. Біліктілігін арттыруға оқуға жібереміз. Кәсіпкер болғысы келсе кәсіпкерлік салаға сұраным арқылы жолдама беруге жұмыс жүргіземіз. Оқытып, грант та әпергенбіз. Қайтарымсыз гранттар алып бергенбіз. Сотталған азаматтардың бала-шағасын тегін демалысқа жіберуге де ықпал жасаймыз., Білім бөлімі

## Мамандығымен мақтанады

Бір жыл бұрын құжаттар әзірледім. Қызығы сол бұл оқу орнына түсу үшін физикалық жағынан мықты болуы керек екен. Спортқа ден қойып, дайындалдым. Пәндер бойынша сынақ тапсырып, спорттан да норматив тапсырып, оқуға түстім. Академияны жақсы бітіріп келіп, осы жерге жұмысқа кірдім. Лейтенант шенімен қызметке тұрдым. Қазір капитан шеніндемін. Шенді істеген жұмысқа қарай береді. Мерзімі де келуі керек. Ешқандай наказание алмасаң шенді уақтылы алуға болады. Шенді уақытымен алып келемін. Құқық қорғау саласына келуді мектепте жүргенде армандадым. Қазір мамандығымды мақтан тұтамын.

Әрине қыз балаға бұл салады еңбек ету қиындық тудырады. Отбасылы болғаннан соң тіптен қиын. Десе де өмірлік жұбайыммен шаңырақ көтерерде оған осының бәрін айттым. Ол қандай қиындық болса да бірге жеңеміз деді. Сонымен үйлендік. Қазір жолдасым бәріне көмектеседі. Перзенттеріміз бар. Оларға да қарау керек. Екеулеп үлгеріп жатырмыз. Жолдасым жеке кәсіпкер. Жылқы шаруашылығымен айналысады. Ең үлкен қызым Сүлеймен Динара, одан кейін Сүлеймен Айбек, кішісі Сүлеймен Айнұр. Құқық саласында абыройлы қызметкер болғанды армандаймын.

Бас бостандығынан айырылып түзей мекемесіне жіберілген және қоғамнан оқшауламайтын бас бостандығынан шектеу деген жаза болады. Бұлар белгілі бір ережеге

бағынып, өзінің жазасын орындайды. Бас бостандығынан шектеулі адам ойын-сауық орындарына басқа да шараларға еркін бара алмайды. Оларға уақыт шектеулі, түнгі оннан кейін алысқа ұзап шыға алмайды. Жұмысы мен екі ортада жүреді. Қонаққа бара алмайды. Егерде өзге елді мекенде, болмаса өзге аудандағы қазаға немесе тойға баратын болса, міндетті түрде сол жердегі пробация қызметіне жүгіну керек. Онсыз болмайды. Бір жаққа баратын болса, пробация қызметкерлерінің рұқсатын алу керек. Ол жақтың пробациясымен сөйлесіп отырып жібереміз. Аудандық пробация бөлімшесінің бастығы, әділет майоры Нұрымбетов Нұрсұлтан. Бұл бөлімде үш адам жұмыс істейміз. Мен аға инспекторымын және менің қасымда екінші аға инспектор Сәрсенбаев Нұрбек. Ол кісінің шені әділет майоры. Осы үшеуіміз жұмыс істейміз. Сотталғандар біздің қарамағымызда тізімде тұрады.

Сотталғандардың қазір көбісі мекемелерде жұмыс істейді. Олардың бәрі кәсіпкерлер емес. Адам болған соң кейде абайсызда жаңылыс басып қалады. Көбісі қылмысты әдейі жасамайды ғой. Кейде ойда жоқ жерде болып қалады емес пе? Бұл жерде сот заң бойынша қарастырып отыр. Сотталғандарды балашағасынан айырмай, оларды жақсы жолдарға тәрбиелеудегі бөлім. Оларды біз жұмысқа тұрғызамыз. Отбасына әлеуметтік көмек ұйымдастырамыз.

мен аудан әкімдігімен келісім жасап мұны іске асырамыз. Сотталғандарға қандай көмек бар оған біздің мекеме арқылы шығып, іске асырамыз. Соттың үкімі олардың өмірінің үкімі емес қой. Қасақана қылмыс жасап, оны қайталаса оны соттауға тастаймыз. Бұл кісі түзелмеді. Қоғамға залал келтіру мүмкін деген бағытпен сот арқылы түзу мекемесіне жібереміз.

Қыз бала үшін қызметіміздің қызықтылығы да қиындығы да бар. Бұл мәселені үйленбей тұрып жұбайымыз екеуіміз келісіп шештік. Қызметім қиындау, күндіз-түні жұмыс істеуге тура келетінін айттым. Ол мені тыңдап, барлық қиындыққа шыдайтынын айтты. Сөйтіп екеуіміз отау құрдық. Көмектесемін, менен қолдау болады дегенді айтты жолдасым. Менің жұмысыма ата-енем де көмектеседі. Үш баламыз бар. Оларға қарау керек. Бұл жағын үйдегілер реттейді.

Сотталғандардың үйін түнгі ойыннан кейін аралаймыз. Учаскелік полиция өкілдері менімен бірге жүреді. Отбасынан маған көп көмек беріледі. Әйтсе де бала-шағамен жұмыс істеу оңай емес. Жаңа айттым ғой мен жұмысқа кеткенде перзенттерімді ата-енем қарайды. Жолдасым да көмектеседі,- деді пробация қызметкері.

Тыныштық сақшыларына төл мерекелеріңіз құтты болсын! Қоғамдық тәртіпті сақтауда жемісті еңбек ете беріңіздер дейміз.

**Сәрсенбек САЙЛАУБЕКҰЛЫ.**

## Жауапты міндет-асқақ абырой

Мемлекеттік қызметті абыройлы міндет санайтын азаматтар көп. Солардың бірі отыз бес жылдан бері мемлекеттік қызметте өмір жолын өткізген, Тәуелсіздік жылдарымен еңбек өтілі толығына түскен жандардың бірі-Қарабаев Сейділда.



-Сейділда ағай әріптестері арасында қашанда сыйлы. Себебі, ол кісі өте қарапайым, сабырлы жан. Өзіне жүктелген міндетін сапалы, уақтылы, аяғына дейін жеткізіп орындайды. Ол да болса отбасылық тәрбие мен өзінің туа бітті адами қасиетінен болса керек. Ол кісі ұдайы жаңадан қызметке орналасып жатқан жастарға ақылы мен кеңесін айтып, өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп отырады. Біз Сейділда Мырзахметұлын қашанда үлгі-өнеге тұтамыз,-дейді әріптестерінің бірі Жандос Манасұлы.

Біз білетін Сейділда Мырзахметұлы 1965 жылы Созақ ауылында дүниеге келген. Еңбек жолын Созақ совхозында 1982 жылы жұмысшы болып бастайды. 1982-83 жылдары СПТУ-22 студенті, 1983-85 жылдары Кеңес әскері қатарында болды. 1987-88 жылдары Созақ совхозында жұмысшы. 1988-1989 жылдары совхоздың мәдени-көпшілік шараларын ұйымдастырушы, 1989-1992 жылдары Созақ совхозы комсомол комитетінің хатшысы, 1992-1994 жылдары кәсіподақ комитетінің аға инспекторы, 1994-1997 жылдары Созақ селолық әкімшілігінің бас есепшісі, 1997-1998 жылдары аудандық салық комитетінің аға инспекторы, 1998-99 жылдары аудандық жұмыспен қамту бөлімінде маман, 1998-2005 жылдары аудан әкімі аппаратының бас маман есепшісі, 2005-2006 жылдары аудан әкімі аппаратының өнеркәсіп және талдау бөлімінің бас маманы, 2006 жылы аудандық экономика бөлімінің меңгерушісі, 2006-2011 жылдары аудан әкімі аппаратының есепшісі, 2011 жылы аудан әкімі аппараты құжаттарды қамтамасыз ету және шаруашылық бөлімшесінің бас маманы, 2011-2012 жылдары Созақ ауданы бойынша салық басқармасының бас маманы, 2012-2015 жылдары аудан әкімі аппараты құжаттарды қамтамасыз ету және шаруашылық бөлімінің бас инспектор-есепшісі қызметтерін атқарған. 2015 жылдың қыркүйек айынан аудан әкімі аппараты құжаттандыруды қамтамасыз ету және әкімшілік шаруашылық бөлімінің басшысы, одан аудан әкімдігі жер қатынастары бөлімінің бас маманы міндетін сапалы, тиянақты, абыройлы атқарып келеді.

Сейділданың өзі мектеп жасында зерек, білуге құштар, қоғамдық жұмыстардың ортасында жүретін белсенді оқушылардың қатарында болып, зейінді зеректігінің арқасында мектепті жақсы деген аттестатпен бітірді. Сейділданың оқыған мектебі аудандағы сол уақыттағы бірегей мектеп-В.И.Ленин атындағы орта мектеп болатын. Әскерден оралған соң комсомол, яғни жастар жетекшісі болады. Ол уақытта Созақ аудандық комсомол ұйымының жетекшілері қатарында Бақыт Танағөзов, Бауыржан Қалжеков сияқты білімді, іскер, болашағынан зор үміт күттіретін жастар болды.

Әкесі Мырзахмет көкеміз «Созақ» совхозында есепші, гараж есепші, материалды есепші болып ұзақ жылдар еңбек етті. Анасы Зеберкул апа атақты Социалистік Еңбек Ері Дәуітбаев Жұбайдың қызы болатын. Ардақты ана ретінде өмірге бес ұл, үш қыз әкелген аяулы жан еді. Үлкені Сейділда болса, Секеңнен кейін Байділда, Ибаділда, Ғалымжан, Асқар, Аманқыз, Гүлмира, Зәмира іні-қарындастары ереді. Созақ өңіріне атағы шыққан айттыс ақыны Жұмаділда Жаңабекұлы осы Секеңнің немере ағасы. Ағасына еліктеп Сейділда да домбыра тартуды әуестік етеді. «Созақ» совхозында жүргенде мәдени-көпшілік ұйымдастырушылық қызмет атқарғаны елдің есінде. Бұл әулетті есепшілер әулеті десе де болады. Кешегі жылдары «Созақ» совхозының тарихында есімі қалған Мырзахмет көкеден бастап, Сейділданың өзі аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінде бас маман, жұбайы Қаракөз аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты тіл орталығында есепші болса, үлкен ұлы Мұхтар аудандық мәслихаттың бас есепшісі қызметін абыройлы атқарып келеді.

Бүгінде әріптестері арасында абыройлы, отбасында сыйлы, ардақты әке, аяулы жар, ардақты ата атанған аптал азамат Сейділда Мырзахметұлы ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосқаны үшін бірнеше рет мемлекеттік наградалармен қатар, аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталған.

- Өмір деген ұзақ сапарлы жолдың сан қилы бұралаң соқпағында шаршамай, шалдықпай алға қарай сапарлай бер Секе!- демекпін.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**



## Тәртіп пен тыныштықтың сақшылары!

Созақ аудандық полиция бөлімінің сайыпқыран сарбаздарын кәсіби мерекелерімен шынайы ниетпен және ыстық ықыласпен құттықтаймыз! Әсіресе осы қиындығы мен қызығы мол кәсіби мамандықты таңдап, ішкі тәртіп пен ел тыныштығы жолында жанқиярлықпен қызмет етіп жүрген барша полиция қызметкерлеріне алғыстан басқа айтарымыз

жоқ.

Полиция қызметкерлері арасында жүрген айдай сұлу ақ аруларымызға ұзақ ғұмыр, отбасы бақытын, еңбекте толағай табыстар тілейміз!

**Ізгі ниетпен: «Созақ үні» газеті ЖШС ұжымы.**

## СООБЩЕНИЕ

Созакского районного маслихата  
о дополнительном наборе членов в составы  
участковых избирательных комиссий вместо  
выбывших

В соответствии со статьей 10 Конституционного закона Республики Казахстан «О выборах в Республике Казахстан» (далее – Конституционный закон о выборах) Созакский районный маслихат сообщает о дополнительном наборе членов в состав двух (2) участковых избирательных комиссий вместо выбывших.

Количественный состав участковых избирательных комиссий определен комиссией района в зависимости от количества избирателей на участках.

Срок полномочий участковых избирательных комиссий до 10 января 2024 года.

Каждая политическая партия вправе представлять одну кандидатуру в состав соответствующей избирательной комиссии. Политическая партия вправе представлять в состав избирательной комиссии кандидатуру, не являющуюся членами данной политической партии.

В случае отсутствия предложений политических партий маслихат избирает избирательную комиссию по предложению иных общественных объединений и вышестоящих избирательных комиссий.

Политические партии, иные общественные объединения, их структурные подразделения и вышестоящие, по отношению к формируемому, избирательные комиссии с 21 июня 2023 года до 5 июля 2023 года представляют в маслихат следующие документы:

- 1) сведения о кандидатурах в состав избирательных комиссий по установленной форме в электронном и бумажном формате;
- 2) выписку из решения политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств), вышестоящей избирательной комиссии о представлении кандидатов в состав соответствующих избирательных комиссий;
- 3) копию документа о регистрации политической партии, общественного объединения или их филиалов (представительств);
- 4) заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательной комиссии по установленной форме.

Формы сведений о кандидатурах в состав избирательных комиссий, заявления кандидатов о согласии на участие в работе избирательных комиссий размещены на сайте Созакского районного маслихата.

Лицо, предлагаемое в состав избирательной комиссии, должно соответствовать требованиям Конституционного закона о выборах.

Член избирательной комиссии должен проживать на территории административно-территориальной единицы, в которой находится маслихат, сформировавший состав данной комиссии.

Более половины состава избирательной комиссии не должны быть работниками одной организации, за исключением случаев создания избирательных участков, предусмотренных пунктом 3 статьи 23 Конституционного закона о выборах.

В состав одной избирательной комиссии не могут входить близкие родственники (родители, дети, усыновители (удочерители), усыновленные (удочеренные), полнородные и неполнородные братья и сестры, дедушки, бабушки, внуки) или супруг (супруга).

Все документы, представляемые в маслихат в бумажном формате, должны быть подписаны, заверены печатью, и содержать дату исполнения, отметку об исполнителе, с указанием фамилии, инициалов и номера его телефона.

Прием предложений по составу избирательных комиссий осуществляется до 5 июля 2023 года с понедельника по пятницу с 09.00 до 18.30 часов, перерыв с 13.00 до 14.30 часов.

## Созакский районный маслихат

Жәмиев Ордабек Мырзабекұлы – председатель Созакского районного маслихата.

Местонахождение маслихата: с.Шолақорған, ул.Жібек жолы, 16.

Ответственное лицо – Уалиев Бағдат Болатбекович, кабинет №416 междугородний телефонный код (872546), служебный тел. 4-20-26, мобильный телефон 8-702-551-88-20, адрес электронной почты maslihat\_sozak@mail.ru

## Созакский районный маслихат избирает членов нижеследующих двух участковых избирательных комиссий

Участковые избирательные комиссии – 2

№	Номер избирательного участка	Место расположения	Количество членов избирательной комиссии
1	697	Сельский округ Жартытобе, населенный пункт Бабата, улица А.Сайлаубекұлы №5/4, здание коммунальное государственное учреждение «Общая средняя школа имени М.Маметовой» отдела развития человеческого потенциала Созакского района.	1
2	717	Сельский округ Тасты, населенный пункт Тасты, улица Казахстан №14, здание коммунальное государственное учреждение «Общая средняя школа имени Абая» отдела развития человеческого потенциала Созакского района.	1

**Примечание.** Политические партии и общественные объединения, у которых в составах комиссии имеются представители, других представителей не предлагают.

Созақ аудандық мәслихаты учаскелік сайлау  
комиссияларының құрамдарынан шығып  
қалғандардың орындарына мүшелермен  
толықтырулар енгізілетіндігі туралы  
ХАБАРЛАЙДЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының (бұдан әрі – Сайлау туралы Конституциялық заң) 10 – бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихаты екі (2) учаскелік сайлау комиссияларының құрамдарынан шығып қалғандардың орындарына мүшелермен толықтырулар енгізілетіндігі туралы хабарлайды.

Учаскелік сайлау комиссияларының сандық құрамы сайлау учаскесіндегі сайлаушы санына байланысты құрылады.

Учаскелік сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі 2024 жылдың 10 қаңтарына дейін.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатура ұсынуға құқылы. Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатура ұсынуға құқылы.

Егер саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихаттар өзге де қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстарына сәйкес сайлау комиссиясын сайлайды.

Саяси партиялар, өзге де қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері 2023 жылдың 21 маусымынан бастап 2023 жылдың 5 шілдесіне дейін Созақ аудандық мәслихатына мынадай құжаттарды тапсырады:

- электрондық және қағаз форматта белгіленген нысан бойынша сайлау комиссиясына ұсынылған кандидатуралар туралы мәліметтерді;
- тиісті сайлау комиссияларының құрамына кандидаттар ұсыну туралы саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің отырысы хаттамасының үзінді көшірмесі;
- саяси партияның, өзге қоғамдық бірлестіктің, олардың құрылымдық бөлімшелерінің әділет органдарында тіркелгені туралы құжатының көшірмесі;
- кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Өтініштің нысаны Созақ аудандық мәслихатының ресми сайтына орналастырылған.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған кандидат сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сайлау комиссиясының мүшесі тиісті сайлау комиссиясы құрамын құратын маслихат орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында тұруы тиіс.

Сайлау комиссиясы құрамының жартысынан астамы бір ұйымы қызметкерлері болмауы тиіс, өзге сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабы 3 тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда.

Бір сайлау комиссиясының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар (аға-қарындастар), ата-анасы бір және толық емес тума аға-інілері, аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды.

Мәслихатқа ұсынылған қағаз форматтағы барлық құжаттарға қол қойылған, мөрмен расталған болуы және орындалған күнін, орындаушы туралы, оның аты-жөні мен телефон нөмері көрсетілген белгіні қамтуға тиіс.

Барлық сайлау комиссияларының құрамы жөніндегі ұсыныстар 2023 жылдың 5 шілдесіне дейін дүйсенбі-жұма күндері аралығында сағат 09.00-ден 18.30-ге дейін қабылданады, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ге дейін.

## Созақ аудандық мәслихаты

Жәмиев Ордабек Мырзабекұлы-Созақ аудандық мәслихатының төрағасы. Мәслихаттың орналасқан жері: Шолақорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16 үй.

Жауапты тұлға- Уалиев Бағдат Болатбекович, кабинет №416 қалааралық телефон коды (872546), қызметтік тел. 4-20-26, Ұялы тел. 8-702-551-88-20, электрондық почта maslihat\_sozak@mail.ru

## Созақ аудандық мәслихаты төмендегі екі учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлайды.

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері	Комиссия мүшелерінің саны
1	697	Учаскелік сайлау комиссиясының орналасқан жері Жартытобе ауылдық округі, Бабата елді мекені, А.Сайлаубекұлы көшесі №5/4, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «М.Маметова атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	1
2	717	Тасты ауылдық округі, Тасты елді мекені, Қазақстан көшесі №14, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Абай атындағы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимараты.	1

**Ескертпе:** Сайлау комиссияларының құрамдарында өкілдері бар саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер комиссиялар құрамдарына басқа өкілдер ұсына алмайды.

## 2023 жылдың 23 шілдеге тағайындалған Құмкент, Шу ауылдық округтерінің әкім сайлауын өткізуге Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мен учаскелік сайлау комиссияларының құрамдары және орналасқан жерлері, шекарасы

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы  
(Созақ ауданы мәслихатының «Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелерін сайлау туралы» 10.01.2019 жылғы № 219-35 VI шешімімен және 19.02.2020 жылғы №301 шешімімен бекітілген.)

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылы, Шолаққорған елді мекені, Жібек жолы көшесі, №5ғимарат, «Мыңжылқы» мәдениет сарайы. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының телефон нөмері: 8 (725 46) 4 28 04.

P/c	Комиссия мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты	Туылған күні, айы, жылы	Ұлты	Білімі, мамандығы	Жұмыс орны, атқаратын қызметі	Қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	Сахихұлы Әбубәкір	13.12.1953	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, зейнеткер;	"Ардагерлер ұйымы" Созақ аудандық филиалы
2	Мыңжасар Асқаров	17.02.1945	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары, зейнеткер;	"AMANAT" партиясы
3	Оспанов Руслан Әлиұлы	07.08.1992	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы	"SENIM денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы"
4	Бабиев Аманкелды Абибуллаевич	14.07.1973	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, «А.Байтұрсынов» атындағы жалпы орта мектебі директорының шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;	"Ауыл" партиясы
5	Айдаров Нұралы Тұрдыұлы	06.08.1977	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы;	Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
6	Избалаев Бекберген Сатыбалдиевич	04.04.1960	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер;	"Қазақстан Республикасы жергілікті соғыс және Ауғанстан ардагерлері одағы" қоғамдық бірлестігі
7	Сармантаев Жетилген	22.08.1954	Қазақ	Жоғары	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі, зейнеткер;	"Ақжол" демократиялық партиясы

қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның (дауыс беруге арналған үй-жай) атауы және шекарасы	Сайлау учаскесі орналасқан нысанның мекен-жайы	Орналасқан жері	Көше	Үй	Комиссия мүшесінің аты – жөні, лауазымы және қай партиядан немесе қоғамдық бірлестіктен ұсынылған
1	2	3	4	5	6	7	
1	698 уск	<b>Құмкент ауылдық округі</b> Құмкент учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Қ.Сатпаев атындағы мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Шекарасы: Құмкент елді мекенінің, Абай, Құмкент, К.Берденұлы, Ж.Есіркепұлы, Жамбыл, Жылыбұлақ көшелері және мал жайылымдары.	Құмкент ауылдық округі Құмкент елді мекені	К.Берденұлы			Айтбаев Бағдат Бейбитович-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы Досболов Есен Досболович-комиссия орынбасары "Ақжол" демократиялық партиясы Елшібаев Жәнібек Мырзахметұлы-комиссия хатшысы Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті Татимова Орынқұл Бахтиярқызы-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Аламанова Гулжайнат Жұлдызбековна-комиссия мүшесі «Ауыл» партиясы
2	699 уск	Қызылкөл учаскесі «Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің М.Әуезов атындағы шағын жинақы жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Қызылкөл елді мекені.	Құмкент ауылдық округі Қызылкөл елді мекені	Ш.Уалиханов	18		Аширбеков Таужан Байадилевич-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы Әлжанов Серікбай Тыныштықбайұлы-комиссия орынбасары, «Ауыл» партиясы Оразов Аскар Асилбекович-комиссия хатшысы "Созақ аудандық Желтоқсан ардагерлері" қоғамдық бірлестігі Жанмолдаев Ербол Алпысбайұлы-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Сұлтанова Мейрамкүл Сәрсенбекқызы-комиссия мүшесі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
3	700 уск	Қызылқанат учаскесі «Созақ ауданының №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне қарасты Құмкент ауылдық спорт көшені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Құмкент елді мекенінің, Тасарық, Амангелді, Қызылқанат көшелері.	Құмкент ауылдық округі Құмкент елді мекені	Жылыбұлақ			Сәденов Нұрбол Көпбайұлы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы Оразбаев Есен Боранбекұлы-комиссия орынбасары "Ақжол" демократиялық партиясы Тұрабаева Жазира Аманжолқызы-комиссия хатшысы "Ауыл" партиясы Токмейлова Улбала Нурдилдаевна-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Кенжебаева Нурилла Жумадиллаевна-комиссия мүшесі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті
4	719 уск	<b>Шу ауылдық округі</b> Шу учаскесі Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің Ж.Каламбаев атындағы шағын жинақтық жалпы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Шекарасы: Шу елді мекені, (солтүстік жағы) Тәукехан, Т.Салқауов, Абай, А.Иманов, М.Иманбекұлы, Әйтеке би, Т.Әубәкіров, Наурыз, С.Мұқанов, Б.Серікбаев, Қ.Сәтпаев көшелерінің бөліктері, оңтүстік және шығыс жағы мал жайылымдары, батыс су айдау станциясы.	Шу ауылдық округі Шу елді мекені	А.Иманов	13		Мүсіреп Фабит Беркімбабайұлы-комиссия төрағасы «AMANAT» партиясы Кәрібаев Аманәлі Мырзатайұлы-комиссия орынбасары Жанабилов Баһадур Тұрсынбайұлы-комиссия хатшысы "Ауыл" партиясы Кенешбаев Канат Пернебаевич-комиссия мүшесі Қазақстан Халықтық коммунистік партиясы Дастан Сейсенбек Олжабайұлы-комиссия мүшесі Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақ комитеті

### БЖЗҚ Отандастарымыздың зейнетақы жинақтары жыл басынан бері 1 триллион теңгеге өсті

2023 жылғы 1 мамырға Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшыларының (алушыларының) жеке шоттарындағы зейнетақы жинақтары 15,68 трлн теңгеге жетті. Жыл басынан 01.05.2023 ж. дейінгі өсім 1 трлн теңгеге

(6,9%). Өткен жылдың сәйкес күнімен салыстырғанда зейнетақы жинақтарының көлемі 2,74 трлн теңгеге (немесе 21,1%) өсті.

Өсім жарналар мен инвестициялық табыс түріндегі кіріс, сондай-ақ, зейнетақы төлемдері түріндегі, оның ішінде кесте бойынша және біржолғы - тұрғын үй мен емделу, мұрагерлік, жерлеу, тұрақты тұруға кету және т. б. мақсаттағы шығыс ағындары есебінен қалыптасты.

2023 жылдың 4 айында зейнетақы жарналарының сомасы 663,42 млрд теңге болды, бұл өткен жылғы

көрсеткіштен 27% немесе 139,88 млрд теңгеге жоғары. Айта кетейік, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда өсім жарналардың барлық түрлері бойынша орын алды: МЗЖ – 27%, МКЗЖ – 24%, ЕЗЖ – 73%.

Отандастарымыздың жинақтарының 96,9% міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасты. 01.05.2023 ж. МЗЖ көлемі – 15,18 трлн теңге (бір жылдағы өсім - 20,9%, жыл басынан бері - 6,8%). Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтарының сомасы өткен жылдың 1 мамырынан бастап 29,3%, ағымдағы жылдың басынан ба-

стап 9,5% ұлғайып, 487,84 млрд теңгеге жетті. Ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар жылына 2 еседен астам ең жоғарғы өсімді көрсетіп, 4,12 млрд теңгені құрады.

БЖЗҚ салымшыларының жеке зейнетақы шоттарына есептелген таза инвестициялық табыс жыл басынан бері шамамен 469,04 млрд теңге. Жалпы 2014 жылдан бастап Ұлттық банк қамтамасыз еткен таза инвестициялық табыс (барлық зейнетақы активтерін БЖЗҚ-ға біріктіру үрдісінің аяқталуы) 7,4 трлн теңгеге жетті.

«Созақ үні»-ақпарат.

Кез-келген ұлт пен ұлыстың ұлттық болмысын анықтайтын факторлар болады. Солардан бірі де бірегейі-тілі. Тіл - тағы да сол ұлттың тәуелсіздігінің де тұғыры. Олай дейтінім, тілі тәуелсіз болмаған, яғни, егемен ел болғаннан кейін кезінде отары болған елдің тілінде сөйлеген, толық тәуелсіз деп айтуға келмейді. Мысалға, өздерің егеменді қаншалық ұлттар бар бабаларынан мұраға қалған жерлерде тұрмыс кешіп, өздерің егеменді ел деп біледі. Бірақ, өз тілін, діні мен дәстүрін ұмытқан. Тіпті, аты-

қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру -Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының тіл саясатының тұжырымдамасы және Тілдерді қолдану мен дамытудың дәйекті мемлекеттік

тіліндегі бала бақшаларға, мектептерге беруде. Қазақ мектептерінде оқитын өзге ұлт балаларының саны соңғы дерек бойынша республикамызда 30 мыңға жетті. Санмен бірге сапа да өсуде. Бір қуантатыны басқа ұлт өкілдерінің арасында мемлекеттік тілді жан-тәнімен үйренушілер де және жауапкершілікпен қарайтын да жандардың көбеюі. ХХ ғасырдың басында Абай өзінің жиырма бесінші сөзінде «Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына

## Маскүнемдік пен нашақорлық азғындық көзі

Маскүнемдік пен қылмыс бір-бірімен тығыз байланысты екенін бәрі біледі. Алкогольді шамадан тыс тұтыну бүгінгі күні жасалған қылмыстардың басым көпшілігінің нақты себебі немесе олардың жасалуына ықпал ететін жағдай болып табылады. Алкоголь ең алдымен адам психикасына кері әсерін тигізетіндіктен, оны жағдайға сыни көзқарастан айыратындықтан, бұл қылмыстар қисынсыз және қатыгез болып табылады. Көбінесе маскүнемдік негізінде адам өлтіру, дене жарақатын салу, зорлау, ұрып-соғу, қорлау және жеке адамға қарсы басқа да қылмыстар жасалады. «Маскүнемдік деген ата-ана үшін ақталмаған үміт, жар үшін-жылаумен өткен ғұмыр, балалар үшін-бақытсыз балалық шақ, достар үшін-адасқан тағдыр, қоғам үшін-жоғалған адам. Мысалы, жол-көлік оқиғалары, түрлі төбелес, жарақаттар, зорлық-зомбылық, улану, суға кету сияқты өкінішті жағдайлар көбіне алкогольді ішімдіктерді пайдаланудың кесірінен болады. Созақ аудандық ішкі істер бөліміне өткен айларда ішкілік ішіп түскендер саны-13, қаралғаны-13, әкімшілік қамаққа алынғаны-13 адам. Сондай-ақ, соңғы ақпараттарға сүйенсек маскүнемдік қалыптасуына басты үш себеп бар.

Басты себеп-отбасындағы қиындықтар. Ішімдік ішетін ата-анадан да араққа салынған бала тәрбиеленеді. Бүгінгі күні арақты қойып нашақорлыққа әуестеніп жатқандар туралы деректер там тымдап шығып жатыр. Қазақстанда алкогольді сусындар қол жетімді болып кетті. Сонымен қатар, жастар арасындағы түйтікді мәселенің бірі-нашақорлық. Бұл індет, қоғамның барлық тұстарына ойсыратып зиянын тигізуде, өзіне еліктіріп алатын құрсауына түссен түбі өлімге апаруы мүмкін дүние. Нашақорлықпен күрес үшін әлем елдері қыруар қаржы жұмсалып нашақорлық бизнесіне қарсы іс-қимыл ағеттіктерін құрылған. Бірақ қазіргі таңда құрықтау мүмкін болмай отқан айлакерлердің көптігі, қоғамға адами құндылықтарға зиянын тигізуде. Біздің елімізде бұл бағыттағы жұмыстармен өзге елдерден қалыс қалып жатқан жоқ. Нашақорлықтың алдын алу мақсатында бүгінгі таңда түрлі операциялар өткізіліп арнайы тінту барысында осы саламен айналысатын көптеген азаматтар құрықталуда. Осы бағыттағы жұмыстарды нығайтуға күш беретін салалардың жұмысын күшейту басты назарда. Елімізде нашақорлықтың алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жыл сайын жақсарып жақсы көрсеткіштер көрсетуде. Қандай да бір қиындықты жеңу үшін бірінші ұзақ мерзімді жоспар құру керек, сол жоспардың орындалуын жете қадағалауға бұл індеттенде арылармыз анық.

**Ақылбек ДӘУРЕНБЕКОВ,**  
*Созақ аудандық сотының төрағасы.*

### Жарамсыз деп танылсын

Есмаханов Бахытхан Еркінбековичтің атына берілген көлік жүргізу куәлігі жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

## Туған тілім-тәуелсіздігімнің тұғыры

жөндерін де өз ұлтына тән емес, сол өздері отарында болған елдердің есімдерімен атап жүр. Бұған, күні кеше Кеңес үкіметінің құрамында болған, бүгінде Ресей мемлекетінің құрамында жүрген түбі бір, түркі тектес халықтарды мысалға келтіруге әбден болады. Ұлты: Якут, Хакас, Ненец, Чуваш тағы басқа болғанымен тектері Иванов, Петров және Сидоров болып жазылып жүр. Шүкір, олардың қасында біздің еліміздің азаматтары өз ұлтына есімдермен аталып, өзтерімен жазылып жүр. Дегенмен, біздің ата-заңымызда мемлекеттік тіл «қазақ тілі» деп көрсетілгенмен, әсіресе мына қалалы жерлерде өзге тілге еліктеу әлі де басым. Бұл да сол отарлау саясатының жемісі. Ал енді, ата-заңымыздағы туған тіліміз жайлы нормаларға келер болсақ: Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялады. 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл-қазақ тілі» деп көрсетілген. Конституцияға сүйене отырып, Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң қабылданды. «Тіл туралы» заңға сәйкес 4-бапта: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Мемлекеттік тіл-мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс

бағдарламасы қабылданып, онда барлық орталық және жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік тілді кезек кезеңмен енгізу жоспарланған болатын. Әрі ол өз жемісін берді. Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасында: «Мемлекеттік тіл бірқатар мемлекеттік басқару органдарында қолданылмайды немесе мардымсыз қолданылады.

«Тіл- халықтың жаны, ділі, рухы, елдік қасиеті, ұлттық болмысы» деген қағиданы берік ұстанған көреген Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамашылығымен мемлекеттік тілді дамыту Президенттік қоры құрылды. Сондай-ақ, Тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қабылданды. Онда мынадай сәттерді атап көрсетуге болады: Халықаралық тәжірибені жүйелі зерделеу және Қазақстанға енгізу үшін Қазақстанның Еуро Одақ елдерімен тіл саясаты саласындағы халықаралық ынтымақтастық орталығын құру, қазақ тілін білу деңгейін бағалау бойынша ҚАЗТЕСТ жүйесін жетілдіру, Қазақстан Республикасының көрнекі ақпараттың жай-күйін зерделеу бойынша әлеуметтанушылық зерттеулер жүргізу қолға алынды.

Жоғарыда аталған және мемлекеттік тілді енгізу және дамыту жөніндегі басқа да шаралар үшін мемлекет тарапынан қомақты қаржы қаралып отыр. Соңғы уақытта жергілікті емес ұлттар өкілдері өз балаларын қазақ

кіреді, аса арсыздана жалынбайды.» - деген болатын. Әрине, мақсат орыс тілінен бір күнде бас тарту емес, қазақ тілі мен орыс тілін бір біріне қарсы қою да емес. Дегенмен, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін шын мәнінде алуы ғана мемлекетті мемлекет ете алады.

Сондықтан елімізде түрлі ұлттар мен ұлыстар тұрса да олар мемлекеттік тілге деген құрметін лайықты атқаруда. Тіл үйренем деушілерге де толықтай жағдайлар жасалуда. Ауданымызда «Тілдерді дамыту орталығы» ашылып, кең қанатын жая жұмыстар атқарып отыр. Онда ағылшын тілін, ал өзге ұлттардың қазақ тілін үйренем дейтін талапкерлері үшін арнайы ағылшын-қазақ тілдері үйірмелері ашылып жұмыс атқаруда. Дана Абай атамыз тілге тиек еткеніндей біз ешқашанда көп тіл үйренгеннен ұтпасақ ұтылмаймыз. «Жалтақтамай өзге тілге ұлысқа, Ең алдымен өз тіліңді дұрыста» демекші көшелердегі жарнамалар, дүкендер мен түрлі мекемелердің маңдайшаларында жазылған атауларға бей-жай қарамауға тиістіміз. Олардың, қалай болса солай жазылмауы басты маңыз береді. Өйткені, біз өзгелерге үлгі болуымыз үшін өзімізден бастап, өз ана тілімізді құрметтеуіміз керек.

**А.АМАНБЕКОВА,**  
*Түркістан облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.*

**«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі 2023 жылдың 29 маусым күні сағат 11:00-де <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді**

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары.

Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны өкіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектелулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды

тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Бір кепілдік жарна бір жер учакесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күнен бастап бес банктік күннен кешіктірмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ94601711100000330; БИК:HSBKKZKX; КНП:171; Кбе: 16.

Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер қатынастары бөлімі»

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8775-026-35-36.

### Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің ТІЗІМІ

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі, Қазыбек би көшесі	Спорттық кешен ғимараты мен спорттық алаңша құрылысын жүргізу үшін	3000 ш/м	Жеке меншік	Электрондық түрде	1500000	29.06.2023 11-00	225 000

Өткен жетіде, маусымның 13 күні ауданымыздағы біршіліеріміздің бапкері Мұрат Серікбаев хабарлашып, Қостанай облысында жарыста жүргендерін жазыпты. Мұрат тұрсынбайұлының айтуынша осы Қостанай облысының Озерный ауылында ерлер мен әйелдер арасында бір тасын жұлқа және серпе көтеруден ҚР-ның чемпионаты өтіп жатыр екен. Әдеттегідей, Түркістан облысының намысын қорғап ауданымыздың спортшылары барған көрінеді. Еліміздің барлық өңірінен кілең сайдың тасындай спортшылар жиылған байрақты бәсекеде біздің біршіліеріміз жүлделі орындардан көрініп, алдағы Әлем бірін-



## Жерлестеріміз Әлем чемпионатына жолдама алды



шілігіне жолдама алыпты. Атап айтар болсақ, бірнеше дүркін Әлем, Еуропа мен

Азия және Республика чемпионы Орынбасар Қобыланды 73 кг самақ дәрежесінде

сынға түсіп, серпе көтеруден III, жұлқа көтеруден II иеленді. Ал, Баби Орынбасар серпе көтеруден 63 келі салмақта өнер көрсетіп, жүлделі II орынға қол жеткізді. Білекті балуандардың екеуінің де бапкері Қазақстан республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы Мұрат Серікбаев. Ендеше, Созақтық спортшы оғандарымызға алдағы Әлем чемпионатында толағай табыстар тілейміз!

**Данияр ҚОЖАНТЕГІ.**

## Тарихы мен табысы толағай мектеп жайлы бір ауыз сөз

Қазіргі таңдағы білім мен ғылымның қарыштап дамуы көз ілестірмей келе жатқан аса ауқымды процесс болып отыр. Білім дамуының өзгерістері болашақ ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Өзге елдермен иық тіресе алатын, бәсекеге қабілетті бола алатын мемлекет болу үшін білімнің іргесін берік қалау керек. Бұл ретте өскелең ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруде өзіндік қолтаңбасын қалдырып келе жатқан білімнің қасиетті қара шаңырағы, ауданымыздың бетке ұстар 50 жылдан астам тарихы бар білім ордасы Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат – лицейі екенін айта кету керек. Тарихы әріден бастау алатын білім ордасы – халықтың сан ғасырлар бойы жинаған мәдениетін келешек ұрпаққа жеткізетін ұлттық тәлім-тәрбие ошағы. Аталған мектеп 1970 жылы облыс аумағынан шалғай жатқан ауданда жетіжылдық болып ашылған еді. Араға төрт жыл салып 1974 жылы он жылдық мектеп-интернат

болып керегесі кеңейді.

1988 жылы көрнекті ақын, классик жазушы, көркемсөз шебері, әдебиет майталманы жерлесіміз Т.Әлімқұловтың есімін иеленіп, салтанатты түрде аталып өткен болатын. 1994 жылдан бастап бұл мектеп лицей-интернат талабына сай қайта жасқалтылып, оқушыларға жаратылыстану және гуманитарлық пәндер бағытында тереңдете оқытылып, эксперимент алаңы ретінде жұмыс жасап келеді. Сол кездегі аудан әкімі Қ.Айтахановтың тікелей ұсынысымен 1996 жыл мектеп тарихында алтын әріптермен жазылған жыл болды. Яғни, облыстық білім департаментінің бұйрығымен лицей-статусына ие болды.

Мектеп әу баста 300 балаға арналып салынса да, жыл санап оқушының саны арта түсіп келеді. Биылғы оқу жылында оқушы саны 949-ға жетіп отыр.

Мектеп жайының тарлығына қарамастан ұстаздар қауымы өздерінің кәсіби парыздарын адалдықпен орындап келеді.

Аталмыш оқу орнының қабырғасына білім алуға балаларын жетектеп келетін ата-аналар қатарының жыл санап арта түсуі, мектептің педагогикалық ұжымының еңбегіне берілген баға екені даусыз. Алайда «Қысқа жіп күрмеуге келмейді» дегендей, мектеп жайының тарлығы ұстаздар қауымының еселі еңбектерін арттыруларына қол байлау болуда. Таяуда ғана 2022-2023 оқу жылының қорытынды жиынына арнайы қатысқан аудан әкімі М.Тұрысбеков мектептің жаңа жайы салынуы туралы сөз етті.

Біздер мектеп ата-аналары болып, аталмыш жаңалықты жүрек жарды қуаныш ретінде қабылдадық. Жоғары аталған мектептің жаңа құрылысы таяу уақытта басталып, ата-аналар, ұстаздар, оқушылар қауымы талапқа сай салынған ғимаратта еңбек ететін күн алыс емес деп сенеміз.

Мектеп интернат-лицейінің ата-аналар атынан:

**Э.ӘБУОВА,  
М.ЖАНЫБЕКОВА.**

## Созақ аудандық қоғамдық кеңес мүшелеріне және аудан тұрғындарының назарына!

Аудандық қоғамдық кеңестің кезекті мәжілісі 2023 жылдың 29 маусым күні сағат 10:00 де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында өтеді.

### Күн тәртібінде:

1. Қызылжар кенті әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау. (Хабарламашы; Е.Т.Жұмабаев)
2. Шу ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау. (Хабарламашы; Д.М.Досымбеков)
3. Тасты ауылдық округі әкімінің 2023 жылдың 6 айында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдау. (Хабарламашы; М.Б.Тлеулинов)
4. «Қазақтелеком» ОҚ ҚЖПД ЖЖ ТҚЖО-2 Созақ желілік-техникалық цехының басшысының атқарылып жатқан жұмыстары туралы есебі. «Ауыл аймақтардағы (интернет сапасы) байланыс мәселесі туралы» (Хабарламашы; Ж.Е.Мұқымбеков)
5. Басқада мәселелер.

Қоғамдық кеңес мүшелерін тіркеу 29 маусым күні сағат 09:00-де Созақ аудандық мәслихатының мәжіліс залында жүргізіледі.

**М.САПАРОВ,**

**Созақ аудандық Қоғамдық кеңесінің төрағасы.**

## Бәйге! Бәйге! Бәйге!

**Ақын, Ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бөрғазының Өскенінің 80 жылдығына орай өтетін жыр мұшайрасы**

### Құрметті ауданның шығармашылық өкілдері!

Ақын, Ұстаз, «Құрмет» орденінің иегері, Созақ ауданының Құрметті азаматы Бөрғазының Өскенінің 80 жылдығына орай аудан көлеміндегі шығармашылық өнерін жанына серік еткен барша қалам ұстаған қаламгерлер мен жаңадан талап танып келе жатқан жас буындар арасында шығармашылық бәйге жариялап отырмыз. Бәйгенің басты мақсаты ақын Бөрғазының Өскені шығармаларын жас ұрпақ пен аудан жұртшылығына кеңінен насихаттау болып табылады. Бұл бәйгеде ақындардың жасы 16 жастан жоғары болуы керек. Өздерін қалам ұстаған шығармашылық өкілі ретінде ақын Өскен Бөрғазыұлына бір арнау өлең және ақын шығармашылығынан бір өлеңді жатқа мәнерлеп айту.



Сонымен қатар, Бас жүлде, I-орын, II-орын, III-орын иелері арнайы ақшалай және заттай сыйлықтармен марапатталады. Мұшайра 2023 жылдың тамыз айының 12-ші жұлдызында Созақ ауылдық мәдениет үйінде өтеді. Оған дейін байқауға қатысушыларға кең уақыт беріп отырмыз. Әбден сараптап, пісіріп, жаттап, дайын күйінде келулеріне мүмкіндік бар. Бұрын жарияланған өлеңдер қабылданбайды. Әрине, байқауда сахна мәдениеті, оның ішінде жүріс-тұрысы, киім киісі, сөз саптауы, өз шығармасын мәнерлеп оқулары ескерілетін болады.

Шығармалар тамыз айының 10 жұлдызына дейін кешіктірілмей тапсырылуы тиіс. Сондай-ақ, түскен шығармаларды ұйымдастыру алқасы тарапынан құрылған әділ қазылар алқасы сараптап саралайды.

**Ұйымдастыру алқасы:**  
**Көштенұлы Өсербай, інісі,**  
**Өскенұлы Бағлан, ұлы.**

**Байланыс телефондары: 8-701-289-21-04,**  
**8-702-782-25-69.**

**sozак\_kargabay@mail.ru.**

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігі

**Директор:**  
**Абилпаттаев Ержан**  
**Бакытжанович**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек**  
**Сайлаубекұлы**  
**Жауапты хатшы:**  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайншы-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Теріміш-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолақорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3600 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.